



АҚ «Қ. Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті»	
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ	
Іс-қимыл тәртібі туралы ереже	
ПОҚ ашық оқу сабақтарын өткізу және оқу сабақтарына өзара қатысу тәртібі туралы ереже	XC ISO 9000:2015 XC ISO 9001:2016 XC ISO 37001:2016
ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.5.1-2025-18	Күні « <i>18</i> » <i>маусым</i> 20 <i>25</i> ж.



БЕКІТЕМІН

Құлажанов атындағы
«ҚазТБУ» АҚ Ректоры
Л.К. Байболова
18 *маусым* 2025 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
ПОҚ АШЫҚ ОҚУ САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ОҚУ
САБАҚТАРЫНА ӨЗАРА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.5.1-2025-18

КЕЛІСІЛДІ

Аскарбеков
АСЖ Проректор
Э.Б. Аскарбеков
« *18* » *маусым* 2025 ж.

Астана, 2025

Нұсқа: _____

КЭ: _____

«Google диск» бойынша тіркеу № _____

АЛҒЫ СӨЗ

Осы Ереже Білім беру бағдарламалары басқармасымен әзірленген.

Осы Ереженің талаптары оқу процесін қамтамасыз ететін барлық құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

Осы Ереже «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ құжаттамасының құрамына кіреді.

Осы Ереженің мерзімді тексерісі ББББ басшысымен 3 жылдан аспайтын аралықта жүргізіледі.

Осы Ереже «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ректорымен бекітіледі және бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы Ережеге өзгерістер «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде оны қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

2024 жылғы 29 ақпандағы № 7 Ғылыми кеңес отырысының шешімімен бекітілген ҚА 10-07.01-2022 «ПОҚ ашық оқу сабақтарын өткізу және оқу сабақтарына өзара қатысу тәртібі туралы ереже» құжатының күші жойылды деп танылсын.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
1. Құжаттың атауы	4
2. Әзірлеуші	4
3. Құжатты әзірлеу мақсаты	4
4. Нормативтік сілтемелер	4
5. Терминдер мен анықтамалар	5
6. Қолданылған қысқартулар	6
7. Жалпы ережелер	6
8. ПОҚ ашық оқу сабақтарын өткізудің және оқу сабақтарына өзара қатысудың мақсаты, міндеттері мен принциптері	8
9. ПОҚ ашық оқу сабақтарының барлық түрлерін ұйымдастыру және оларға қатысу рәсімі	8
10. Оқу сабақтарын бағалау көрсеткіштері	12
11. Процеске байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу бойынша іс-қимылдар	1
12. Жауапкершілік және өкілеттік	4
Қосымшалар	14
Ашық сабақтарды өткізу кестесінің нысаны Н. ББББ-8.5.1-2025-18-01 (міндетті)	17
ПОҚ оқу сабақтарына өзара қатысу кестесінің нысаны Н. ББББ-8.5.1-2025-18-02 (міндетті)	17
Оқу сабағына қатысу туралы пікір нысаны Н. ББББ-8.5.1-2025-18-03 (міндетті)	18
ПОҚ ашық оқу сабақтарын өткізу және оқу сабақтарына өзара қатысу нәтижелері туралы есеп нысаны Н. ББББ-8.5.1-2025-18-04 (міндетті)	19
Ашық сабақ хаттамасының нысаны Н. ББББ-8.5.1-2025-18-05 (міндетті)	22
Ашық сабақты өткізу сапасы туралы қорытынды нысаны Н. ББББ-8.5.1-2025-18-06 (міндетті)	24
Кафедра (факультет) қорытындысының нысаны Н.ҚКҚБ-7.2-2025-15-03 (міндетті)	26
Келісу парағы	29
Танысу парағы	30
Тіркеу өзгерістерінің парағы	30
Мерзімдік тексерулерді есепке алу парағы	31
	31

1. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 ПОҚ ашық оқу сабақтарын өткізу және оқу сабақтарына өзара қатысу тәртібі туралы ереже ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.5.1-2025-18

2. ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 БББ басқарманың әдістемелік бөлімі

3. ҚҰЖАТТЫҢ ЖАСАЛУ МАҚСАТЫ

3.1 Осы ереже ПОҚ оқыту тәжірибесін зерделеу және жинақтау, педагогикалық шеберліктің сапасы мен деңгейін, қолданылатын цифрлық технологиялар мен оқыту әдістерін бағалау мақсатында ашық оқу сабақтарын, оқу сабақтарына өзара қатысуды ұйымдастыру мен өткізудің бірыңғай тәртібін белгілейді.

4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 ХС ISO 9001:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

4.2 ХС ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.

4.3 ХС ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі - Қолдану бойынша талаптар мен ұсыныстар.

4.4 ҚР-ның 2007 ж. 27.07 № 319-III «Білім туралы» Заңы (2025 ж. 15.04. өзгерістері мен толықтыруларымен).

4.5 ҚР-ның 2015 ж. 23.11 №414-V ҚРЗ Еңбек кодексі (2025 ж. 19.05 өзгерістері мен толықтыруларымен).

4.6 ҚР Үкіметінің 2023 ж. 28.03 № 248 Қаулысы «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» (2024 ж. 14.06 өзгерістері мен толықтыруларымен).

4.7 ҚР БҒМ-нің 2018 ж. 30.10 № 595 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (2024 ж. 24.06 өзгерістері мен толықтыруларымен).

4.8 ҚР ҒЖБМ-нің 2022 ж. 20.07 № 2 Бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (2025 ж. 22.04 өзгерістері мен толықтыруларымен).

4.9 ҚР БҒМ-нің 2011 ж. 20.04 № 152 Бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (2025 ж. 26.03 өзгерістері мен толықтыруларымен).

4.10 ҚР БҒМ-нің 2015 ж. 17.06 № 391 Бұйрығы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» (2024 ж. 05.01 өзгерістері мен толықтыруларымен).

4.11 «Академиялық саясат» ҚазТБУ-ББББ-ҚБЕ-8.3/8.1-2025-01.

4.12 «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты.

4.13 Білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету саясаты ҚазТБУ-ББББ- ІҚТТЕ - 8.3/8.1-2025-34.

4.14 Пәнді оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді қалыптастыру ережесі ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ -8.3/8.1-2025-15.

4.15 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын ресімдеу туралы ереже (Syllabus) ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ -8.3/8.1-2025-16.

4.16 «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына орналасуға конкурс өткізу туралы ереже ҚазТБУ-ҚКҚБ-ІҚТТЕ-7.2-2025-15.

5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтама
Бакалавриат	кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі
Инновация	мәнді жасайтын немесе қайта бөлетін жаңа немесе өзгертілген объект
Бақылау	белгіленген талаптарға сәйкестікті анықтау
Сапаны бақылау	сапа менеджментінің сапа талаптары орындалатынына сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған бөлігі
Сыбайлас жемқорлық тәуекелі	сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі
Магистратура	кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі
Мастер-класстар	жаңа технологиямен, жаңа әдістемелермен, авторлық әзірлемелермен танысуға мүмкіндік беретін білім мен дағдыларды беру, тәжірибе алмасу үлгісі
Оқыту сапасының мониторингі	оқытушы қызметінің нәтижелері мен оның жетістіктерінің нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін қадағалаудың тұрақты процесі
Білім беру бағдарламасы	оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені
Білім беру процесі	білім алушылардың белсенді танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылатын теориялық білімнің, тәжірибелік дағдылардың, дағдылар мен құзыреттердің жаңа деңгейін қалыптастыру процесі
Ашық оқу сабағы	алдын ала жарияланған және барлығына қолжетімді оқу сабағы (дәріс, зертханалық, тәжірибелік)
Бағалау	тексерушінің білім деңгейі мен жұмыс сапасы туралы сандық түрде айтылған пікірі
Білімді бағалау	бұл білім алушылардың қол жеткізген меңгеру деңгейін оқу бағдарламасында сипатталған эталондық көрсеткіштермен салыстыру процесі
Келушілер	ҚБ басшылары/ қызметкерлері, ӘК, АСЖК мүшелері, ашық оқу сабақтарының барлық түрлеріне, мастер-класстарға, оқу сабақтарына қатысатын кафедралардың ПОҚ
Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus)	оқытылатын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, әр сабақтың тақырыбы мен ұзақтығын, білім алушының өзіндік жұмысының тапсырмаларын, оқытушының талаптарын, бағалау критерийлерін, үлгілік оқу бағдарламасы негізінде білім беру ұйымы дербес әзірлейтін әдебиеттер тізімін қамтитын бағдарлама
Оқыту нәтижелері	білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру бойынша алған, көрсеткен білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар

Тиімділік	жоспарланған қызметті іске асыру және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу дәрежесі
Сапа менеджмент жүйесі	сапаға бағытталған басқару бөлігі

6. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқартулар	Толық атауы
АС	Академиялық сұрақтар
ТжӘЖ	Тәрбие және әлеуметтік жұмыс
АТ	Ақпараттық технологиялар
АСЖ комиссия	Академиялық сапа жөніндегі комиссия
МС ISO	Халықаралық стандарт
Осы Ереже	«ПОҚ ашық оқу сабақтарын өткізу және оқу сабақтарына өзара қатысу тәртібі туралы ереже» іс-қимыл тәртібі туралы ереже ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.5.1-2025-18
ҒжИ	Ғылым және инновация
ӘБ	Әдістемелік бөлім
ЖАОК	Жаппай ашық онлайн курстар
ӘК	Әдістемелік кеңес
Білім алушы	Бакалавриат, магистратура білім алушылары
СЖҚІҚЖҚҚБ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және құқықтық қамтамасыз ету бөлімі
ЖООКБББ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі
ТК	Тіркеу кеңсесі
ПББ	Персоналды басқару бөлімі
ІҚТТЕ	Іс-қимыл тәртібі туралы ереже
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ҚБ	Құрылымдық бөлімше
ҚТ	Қауіпсіздік техникасы
ОТҚ	Оқытудың техникалық құралдары
АТБ	Ақпараттық технологиялар басқармасы
Университет	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
ОБ	Оқу бөлімі
СҚЕжАБ	Сапаны қамтамасыз ету және аккредиттеу басқармасы
ББББ	Білім беру бағдарламалары басқармасы
ҚжКҚБ	Құқықтық және кадр қызметі басқармасы

7. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Осы іс-қимыл тәртібі туралы ереже ашық оқу сабақтарының, мастер-кластардың, ПОҚ ашық оқу сабақтарына өзара қатысудың барлық түрлерін ұйымдастыру мен өткізудің мақсатын, міндеттерін, өлшемшарттарын, негізгі талаптары мен реттілігін айқындайды, сондай-ақ ҚБ мен оқу процесіне қатысатын лауазымды адамдардың өзара қарым-қатынасын регламенттейді.

7.2 Осы ереже оқу процесіне қатысатын ҚБ қызметіне қолданылады.

7.3 ПОҚ ашық оқу сабақтарының, мастер-кластардың, оқу сабақтарына өзара қатысудың барлық түрлерін өткізуді ұйымдастыруға жалпы басшылықты академиялық сұрақтар жөніндегі Проректор жүзеге асырады:

7.3.1 сынама ашық сабақтарын өткізу үшін әдістемелік комиссияның құрамын бекітеді;
7.3.2 ПОҚ ашық сабақтар өткізу және оқу сабақтарына өзара қатысу кестесін бекітеді;
7.3.3 әр академиялық кезеңнің оқу сабақтарына қатысу нәтижелері бойынша есептерді бекітеді.

7.4 ПОҚ ашық оқу сабақтарын өткізуді және оқу сабақтарына өзара қатысуды жоспарлау.

7.4.1 Оқу жылының басында оқытушылар ашық сабақтың тақырыбын, мастер-класстардың тақырыптарын, оларды өткізудің шамамен мерзімдерін (ай/кезең), оқу сабағының түрін анықтайды, кафедраның ПОҚ сабақтарына қатысуды жоспарлайды. Бұл мәліметтер ПОҚ жұмысының жеке жоспарына енгізіледі.

7.4.2 Кафедра меңгерушісі әр академиялық кезеңге қалыптастырады:

7.4.2.1 ашық оқу сабақтарының, мастер-класстардың кестесі Н.ББББ-8.5.1-2025-18-01 үлгісі бойынша жүзеге асырылады;

7.4.2.2 ПОҚ оқу сабақтарына өзара қатысу кестесі Н.ББББ-8.5.1-2025-18-02 үлгі бойынша жүзеге асырылады.

7.4.3 Графиктерге факультет деканы қол қояды және алушы ретінде ББББ көрсетеді: ЭБ – бакалавриат бойынша, ЖООКБББ-магистратура бойынша.

7.4.4 ЭБ, ЖООКБББ әрбір академиялық кезеңге арналған «ПОҚ ашық оқу сабақтарын өткізу және оқу сабақтарына өзара қатысу кестесі» жиынтық электрондық базасын қалыптастырады және барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімділік береді.

7.5 Ашық оқу сабақтарының, мастер-класстардың, өзара сабақтардың барлық түрлерін өткізуді ұйымдастыруға тікелей басшылықты кафедра меңгерушісі жүзеге асырады.

7.6 Ашық оқу сабақтарына, мастер-класстарға оқу сабақтарынан бос ӘК/факультеттің АСЖК, ЭБ, ЖООКБББ және кафедра ПОҚ мүшелері қатысуы ұсынылады.

7.7 Кафедралар алдағы ашық оқу сабағы, мастер-класс туралы ақпаратты университет сайтында орналастырады және ақпаратты өткізу күніне дейін жеті жұмыс күні бұрын ББББ, ЭБ, ЖООКБББ жібереді.

7.8 Декандар мен кафедра меңгерушілері ПОҚ оқу сабақтарына, ашық сабақтардың барлық түрлеріне, мастер-класстарға қатысуға тұрақты бақылау жүргізеді.

7.9 Факультеттің АСЖК кафедралар ұсынған ақпаратқа талдау жүргізеді және Н. ББББ-8.5.1-2025-18-04 нысаны бойынша әрбір академиялық кезең үшін ПОҚ ашық оқу сабақтарының, мастер-класстардың және оқу сабақтарына өзара қатысудың барлық түрлеріне қатысу нәтижелері бойынша жиынтық есепті ұсынады.

7.10 Ашық сабаққа, өзара қатысу кестесі бойынша сабақтарға қатысатын сәйкессіздіктер анықталған жағдайда «Сәйкессіздіктерді тіркеу және түзету әрекеттері журналына» ақпарат енгізуге тиіс.

7.11 Оқу сабақтарына қатысатын (бұдан әрі қатысушылар) ҚБ басшылары/ қызметкерлері, ӘК, факультеттің АСЖК, ЭБ, ЖООКБББ, ПОҚ мүшелері кәсіби этиканы, педагогикалық әдепті сақтауға, сабақ барысына араласпауға, сабақ аяқталғанға дейін ПОҚ жұмысына өз көзқарасын білдірмеуге тиіс.

7.12 Академиялық тұтастықты нығайту үшін сабаққа қатысушылар бақылау жүргізіп, өзара сабаққа қатысу аясында оқу сабақтарына қатысқаннан кейін Н.ББББ-8.5.1-2025-18-03 нысаны бойынша <https://forms.gle/NGUpKtZXpSGgnKXC7> сілтемесі арқылы «Оқу сабағына қатысу туралы пікір» нысанын толтыруы қажет.

7.13 Кафедралар ашық оқу сабақтарына қатысу және өзара сабаққа қатысу аясындағы ПОҚ-тың оқу сабақтарына қатысу нәтижелерін кафедра отырыстарында талқылайды және оларды ашық сабақ хаттамаларында (Н.ББББ-8.5.1-2025-18-05) және ашық сабақты өткізу сапасы туралы қорытындыларда (Н.ББББ-8.5.1-2025-18-06) көрсетеді.

8. ПОҚ АШЫҚ ОҚУ САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУДІҢ ЖӘНЕ ОҚУ САБАҚТАРЫНА ӨЗАРА ҚАТЫСУДЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

8.1 ПОҚ ашық оқу сабақтарын өткізу және оқу сабақтарына өзара қатысудың мақсаты Педагогикалық тәжірибені зерделеу, оқыту қызметінің практикасына педагогикалық шеберліктің тиімді әдістерін енгізу, басқа оқытушылармен тәжірибе алмасу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

8.2 ПОҚ ашық оқу сабақтарын өткізу және оқу сабақтарына өзара қатысудың міндеттері

8.2.1 Оқытудың нақты мақсаттарын айқындау, білім алушыға бағдарланған оқыту стратегиясын дамыту, білім алушыға бағдарланған оқытудың институционалдық мәдениетінің жағдайын талдау;

8.2.2 Университеттегі ПОҚ ашық оқу сабақтарына қатысу және оқу сабақтарына өзара қатысу нәтижелері бойынша білім беру процесінің жағдайы туралы ақпарат жинау және өңдеу;

8.2.3 Оқытудың инновациялық әдістерін, оқытудың икемді жолдарын (мультидисциплинарлық және факультетаралық таңдау курстары, қашықтық курстар, электрондық оқыту, ЖАОК және т.б.) дамыту;

8.2.4 Оқытушы жұмысының тиімділігін білім алушылармен серіктестікте бағалау, рефлексивті оқыту (өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бақылау, аудиториялық және аудиториядан тыс іс-шаралар) және олардың БББ оқыту нәтижелерінің мақсаттарына сәйкестігі, оқыту нәтижелеріне сәйкестігі (талап етілетін құзыреттерге, дағдыларға және білімдерге);

8.2.5 Курс дизайны мен құрылымын, оқу материалының сапасын және оқытуды ұйымдастырудың икемді жүйесінің болуын бағалау;

8.2.6 Қабылданатын институционалдық шешімдерді негіздеу (курстарды бағалау, білім алушылардың қатысуын бақылау, интерактивті технологиялар мен оқыту әдістерін пайдалану және т.б.);

8.2.7 ПОҚ бос лауазымдарына кандидаттарды конкурстық іріктеудің әділ және ашық процестерін және педагогикалық тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету;

8.2.8 Университеттің ПОҚ-на білім беру процесінде, оқыту мен оқу тәжірибесін нығайтуда, даму мүмкіндіктерінде әдістемелік көмек көрсету;

8.2.9 Оқу сабақтарын тиісінше өткізбеу мәселелері бойынша білім алушылардың өтініштерін қарау бөлігінде ҚБ-мен өзара іс-қимыл;

8.2.10 Білім алушыға бағдарланған оқыту қағидаттарын ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастырудың мазмұнына, нысандарына және әдістеріне қойылатын рәсімдердің, талаптардың сақталуын бақылау;

8.2.11 Академиялық тұтастықты және білім беру процесінде этикалық мінез-құлық нормаларына адалдықты нығайту.

8.3 ПОҚ ашық оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу және оқу сабақтарына өзара қатысу қағидаттары:

8.3.1 кәсіби этиканы сақтау;

8.3.2 тараптардың жауапкершілігі;

8.3.3 ПОҚ қолдау жүйесі;

8.3.4 алынған деректерді басқару;

8.3.5 Университеттің миссиясын, мақсатын және стратегиялық даму бағыттарын сақтау;

8.3.6 оқу сабақтарын ұйымдастыру кезінде білім алушыға бағдарланған оқыту қағидаттарын сақтау.

9. ПОҚ АШЫҚ ОҚУ САБАҚТАРЫНЫҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАТЫСУ РӘСІМІ

9.1 Оқу сабақтарының түрлері және оларды ұйымдастыру тәртібі:

**«ПОҚ ашық оқу сабақтарын өткізу және оқу сабақтарына өзара қатысу тәртібі туралы ереже»
ҚазТБҰ-ББББ-ІҚТТЕ-8.5.1-2025-18**

Оқу сабақтарының түрлері	Келушілер	Құжатталған ақпарат:	
		жоспарлау	есептілік
Ашық оқу сабағы (дәріс, тәжірибелік, зертханалық, студиялық)	Академиялық сұрақтар жөніндегі Проректор, факультет декандары, декандардың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары, кафедра меңгерушілері, ББББ / ӘБ/ ЖООКБББ басшылары, факультеттің АСЖК өкілдері, сабақтан бос ПОҚ	Н.ББББ-8.5.1-2025-18-01 ашық сабақ кестесі. Хабарландыруды Университеттің сайтында 7 жұмыс күні ішінде орналастыру	Н.ББББ-8.5.1-2025-18-03 үлгісі бойынша оқу сабағына қатысу туралы пікір. Н.ББББ-8.5.1-2025-18-05 нысаны бойынша ашық сабақ хаттамасы. Н.ББББ-8.5.1-2025-18-06 нысаны бойынша ашық сабақты өткізу сапасы туралы қорытынды. Н.ББББ-8.5.1-2025-18-04 үлгісі бойынша факультеттің АСЖК есебі.
Сынақ ашық оқу сабағы	Әдістемелік комиссия. Төраға: АС жөніндегі Проректор. Мүшелері: ББББ / ӘБ/ ЖООКБББ басшылары; Факультет деканы; Кафедра меңгерушісі; Факультеттің АСЖК өкілдері. Хатшы: Факультеттің АСЖК өкілдері / деканның оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	Хабарландыру - кафедра меңгерушісінен шақыру	Н.ББББ-8.5.1-2025-18-03 үлгісі бойынша оқу сабағына қатысу туралы пікір. Отырыс хаттамасы. Н.ҚКҚБ-7.2-2025-15-03 үлгісі бойынша кафедраның қорытындысы.
Мастер-класстар	Кафедра меңгерушісі, ББББ / ӘБ/ ЖООКБББ басшылары, факультеттің АСЖК өкілдері, сабақтан бос ПОҚ	Н.ББББ-8.5.1-2025-18-01 Ашық сабақ кестесі. Хабарландыруды Университеттің сайтында 7 жұмыс күні ішінде орналастыру	Н.ББББ-8.5.1-2025-18-05 нысаны бойынша ашық сабақтың хаттама. Н.ББББ-8.5.1-2025-18-06 нысаны бойынша ашық сабақтың өткізілу сапасы туралы қорытынды. Н.ББББ-8.5.1-2025-18-04 үлгісі бойынша факультеттің АСЖК есебі.
ПОҚ оқу сабақтарына өзара қатысу	Кафедра меңгерушісі, кафедра ПОҚ	Н.ББББ-8.5.1-2025-18-02 үлгіге сәйкес өзара қатысу кестесі	Н.ББББ-8.5.1-2025-18-03 үлгісі бойынша оқу сабағына қатысу туралы пікір. Кафедра отырысының хаттамасы. Н.ББББ-8.5.1-2025-18-04 үлгісі бойынша факультеттің АСЖК есебі.

9.1.1 **Ашық оқу сабағын** Университеттің оқытушылары сабақтарды өткізудің үлгілі ұйымдастырылуы мен әдістемесін, сабақтарда зертханалық жабдықтарды, ТОҚ және оқу-материалдық базаның басқа элементтерін пайдаланудың тиімді әдістерін, ЖАОК, онлайн

курстарды көрсету мақсатында өткізеді.

9.1.2 Көрсетілімдік ашық оқу сабағын Университеттің ПОҚ бос лауазымдарына орналасу конкурсына қатысуды жоспарлаған оқытушылар (басқа лауазымға ауысқан кезде), сондай-ақ еңбек шартының мерзімі аяқталған жағдайларда өткізеді.

9.1.3 Ашық оқу сабағын өткізу үшін оқу сабақтарының кез келген түрі: *дәріс, тәжірибелік сабақ, зертханалық сабақ, студиялық сабақ, мастер-класстар* пайдаланылуы мүмкін.

9.1.4 Ашық оқу сабағының, мастер-класстар тақырыптарын оқу сабағын өткізетін оқытушы таңдайды. Ашық оқу сабағының тақырыбын таңдау кезінде пәнаралық байланысты, аралас әдістемелерді, интерактивті оқыту әдістерін көрсете алатын оқу бағдарламасының күрделі тақырыптарын жоспарлау қажет.

9.1.5 Көрсетілімдік ашық оқу сабағы аяқталғаннан кейін сабақты өткізуді талқылау өтеді (білім алушылардың қатысуынсыз): қатысушылар оқытушыға сабақтың міндеттерін, тандалған әдістер мен құралдарды нақтылау үшін сұрақ қоя алады, өткізілген сабақ және тақырып бойынша оқу материалының мазмұны бойынша өз пікірлерін білдіре алады.

9.1.6 Ашық оқу сабағына қатысушылар Н.ББББ-8.5.1-2025-18-03 нысаны бойынша <https://forms.gle/NGUpKtZXpSGgnKXC7> сілтемесі арқылы «Оқу сабағына қатысу туралы пікір» нысанын толтырады.

9.1.7 Әрі қарай талқылау және деректерді талдау үшін ӘБ, ЖООКБББ қатысу нәтижелерін (жүктеуді) кафедра меңгерушілеріне аптасына 1 рет мерзімділікпен ұсынады.

9.1.8 Көрсетілімдік ашық оқу сабағының нәтижелері кафедрада талқыланады:

9.1.8.1 Оқытушы сабақтың мақсатын ашады, әдістер мен құралдарды, оларды қолдану сапасын, сабақтың қызықты сәттерін, тандалған материалды, педагогикалық ойды ашуға қатысты барлық нәрсені негіздейді. Неліктен сол немесе басқа әдіс/тәсіл тандалғанын негіздейді.

9.1.8.2 Сөз сөйлеушілер сабақтың артықшылықтары мен осал тұстары туралы хабарлауы керек, мақсатқа қол жеткізілді ме, сабақ қалай ұйымдастырылды, көрнекі құралдарды, үлестірме материалдарды және т.б. пайдалану тиімділігі туралы айтып, оқыту әдістемесін жақсарту бойынша ұсыныстар беруі тиіс.

9.1.8.3 Көрсетілімдік ашық оқу сабағына қатысу қорытындысын кафедра меңгерушісі шығарады, оқытушының оқу-әдістемелік дайындығына, сабақта қолданылған педагогикалық әдістерге, қойылған сабақ мақсатының ашылуына толық баға береді.

9.1.8.4 Талқылау нәтижелері Н.ББББ-8.5.1-2025-18-05 нысаны бойынша Ашық сабақ хаттамасына және Н.ББББ-8.5.1-2025-18-06 нысаны бойынша Ашық сабақты өткізу сапасы туралы қорытындыға енгізіледі, олар кафедра отырысының хаттамаларында тіркеледі. Кафедра отырысы хаттамасынан үзінді көшірме факультеттің АСЖК беріледі. Ашық сабақ хаттамасының (Н.ББББ-8.5.1-2025-18-05) және Ашық сабақты өткізу сапасы туралы қорытындының (Н.ББББ-8.5.1-2025-18-06) бір-бір данасы кафедрада сақталады және кафедраның іс номенклатурасына сәйкес тиісті тізілімге тігіледі, екінші даналары ӘБ-ге беріледі.

9.1.9 Факультеттің АСЖК көрсетілімдік ашық сабақтардың барлық нәтижелерін Н.ББББ-8.5.1-2025-18-04 нысаны бойынша әрбір академиялық кезеңнің есептерін қалыптастыру кезінде ескереді.

9.1.10 Көрсетілімдік ашық оқу сабағының нәтижелері бойынша алынған балл оқу жылының соңында оқытушыны аттестаттау кезінде немесе оның конкурс бойынша сайлану кезінде ескеріледі. Барлық құжаттар (*бағалау парағының жүктемесі, кафедра отырысы хаттамасынан үзінді көшірме*) сұраныс бойынша конкурстық комиссияға ұсынылады.

9.2 **Сынақ ашық оқу сабағы** ПОҚ бос лауазымдарына орналасу конкурсына қатысушының оқыту әдістемесін ұйымдастыру және көрсету бөлігінде дайындығын анықтау және оны Университетке жұмысқа қабылдау кезінде оқу сабақтарын өткізуге рұқсат беру

мақсатында өткізіледі:

9.2.1 Жұмысқа қабылдау кезінде сынақ ашық сабағын өткізу туралы хабарландыру-шақыруды кафедра меңгерушісі Университеттің Әдістемелік комиссиясының мүшелеріне жібереді.

9.2.2 Университеттің Әдістемелік комиссиясының мүшелері Н.ББББ-8.5.1-2025-18-03 нысаны бойынша «Ашық сабаққа қатысу туралы пікірді» ресімдейді.

9.2.3 Әдістемелік комиссия хатшысы Әдістемелік комиссия отырысының хаттамасы нысаны бойынша отырыс хаттамасын ресімдейді және үзінді көшірмені конкурстық комиссия отырысы үшін құжаттарға қоса береді.

9.2.4 Сынақ ашық сабағын талқылағаннан кейін кафедра меңгерушісі Н.ҚКҚБ-7.2-2025-15-03 нысаны бойынша «Кафедра қорытындысын» ресімдейді.

9.2.5 Сабақты ұйымдастыру деңгейі, оның мазмұны мен өткізу әдістемесі бағаланады.

9.2.6 Өткізудің оң тұстары, оқыту әдістемесін жетілдіру бойынша ескертулер мен ұсыныстар атап өтіледі.

9.2.7 Сабақты өткізу сапасының қорытынды бағасы 10 балдық шкала бойынша бағаланады және оқытушыны ПОҚ бос лауазымына «ұсыну/ұсынбау» туралы қорытынды жасалады.

9.2.8 Барлық құжаттар конкурстық комиссия отырысы үшін құжаттарға қоса беріледі.

9.3 **Мастер-класстар** тәжірибелік білімдерді, іскерліктерді беру, тәжірибелік тәжірибе алмасу мақсатында маман-практиктер, арнайы курстардың авторлары, оқытушы-әдіскерлер өткізеді, бұл жаңа технологиямен, жаңа әдістемелермен, авторлық әзірлемелермен және оны оқу процесіне енгізу мүмкіндіктерімен танысуға мүмкіндік береді.

9.3.1 Мастер-класстар жоспарлау әрбір академиялық кезең ішінде жүзеге асырылады және Н.ББББ-8.5.1-2025-18-01 нысаны бойынша Ашық сабақтар кестесінде көрсетіледі. Маман-практиктерді, оқытушы-практиктерді, жаттықтырушыларды, коучтарды және т.б. тарту артықшылық болады.

9.3.2 Мастер-класстарға қатысу нәтижелері Ашық сабақ хаттамасымен (Н.ББББ-8.5.1-2025-18-05) және Ашық сабақты өткізу сапасы туралы қорытындымен (Н.ББББ-8.5.1-2025-18-06) ресімделеді.

9.3.3 Өткізілген мастер-класстар туралы барлық мәліметтер кафедра отырыстарының хаттамаларында және факультеттердің АСЖК есептерінде көрсетіледі.

9.4 **ПОҚ оқу сабақтарына өзара қатысу** Н.ББББ-8.5.1-2025-18-02 нысаны бойынша жасалған Өзара қатысу кестесіне сәйкес өткізіледі. Кесте әр академиялық кезеңге жекелеп жасалады.

9.4.1 Оқу жылының басында кафедра оқытушылары өздері үшін кәсіби тұрғыдан қызықты оқу пәндеріне қатысуды, белгілі бір ПОҚ-ға баруды және шамамен мерзімдерді (ай/кезең) жоспарлайды.

9.4.2 Өзара қатысу кестесін жасау кезінде барлық штаттық оқытушылар мен қоса атқарушы оқытушыларды қосу қажет.

9.4.3 Оқу жылы ішінде бір оқытушының сабақтарына кем дегенде 2 оқытушы қатысуы тиіс.

9.4.4 Өзара қатысу нәтижелері Н.ББББ-8.5.1-2025-18-03 нысаны бойынша <https://forms.gle/NGUpKtZXpSGgnKXC7> сілтемесі арқылы Оқу сабағына қатысу туралы пікір түрінде ресімделеді.

9.4.5 Әрі қарай талқылау және деректерді талдау үшін ӨБ, ЖООКБББ қатысу нәтижелерін (жүктеуді) талапқа сәйкес кафедра меңгерушілеріне/факультеттердің АСЖК ұсынады.

9.4.6 Өткізілген өзара қатысулар туралы барлық мәліметтер кафедра отырысының хаттамаларында және Н.ББББ-8.5.1-2025-18-04 нысаны бойынша факультеттің АСЖК есебінде көрсетіледі.

10. ОҚУ САБАҚТАРЫН БАҒАЛАУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

- 10.1 Оқу сабақтарының барлық түрлері бағаланатын негізгі сипаттамалар:
10.1.1 сабақтың құрылымы мен мазмұны;
10.1.2 оқу сабағын жоспарлау және ұйымдастыру;
10.1.3 оқытушының педагогикалық деректері, сабақты өткізу әдістемесі;
10.1.4 білім алушылардың жұмысын басқару және аудиториямен өзара іс-әрекет, кері байланыс.

10.2 Оқу сабақтарын қорытынды бағалау шкаласы:

Оқу сабақтарының сапасын бағалау ұпайлармен		Оқу сабақтарын өткізу сапасының деңгейі
	%-дар	
10-9	100-90	жоғары деңгей
8-7	80-70	жеткілікті жоғары деңгей
6-5	60-50	жеткіліксіз жоғары деңгей
4-3	40-30	төмен деңгей
2-1	20-10	критерийлер үміттерге сәйкес келмейді

- 10.3 Сабақтардың барлық түрлерін бақылау кезінде назар аудару қажет:
10.3.1 оқытушыда сабақ жоспарының болуы;
10.3.2 сабақ мазмұнының (тақырыбының және оны ашатын сұрақтардың) жұмыс оқу бағдарламасына (Syllabus) сәйкестігі. бұл ретте, білім беру бағдарламасы мен кәсіби стандарт негізінде әзірленген пәннің (базалық және кәсіби) құзыреттерінің ашылуына ерекше назар аударылады;
10.3.3 білім алушылардың оқу қызметі түрлерінің әртүрлілігі;
10.3.4 жұмыс нысандары (фронтальды/топтық/жеке жұмыс);
10.3.5 оқытушының сабаққа арналған материалды дұрыс таңдауы, оны ғылыми тұрғыдан баяндауы;
10.3.6 теория мен тәжірибенің байланысы (білімнің тәжірибелік маңыздылығын ашу, білімді практикада қолдануға үйрету);
10.3.7 оқытушының курс бойынша жеке әзірлемелерін пайдалануы;
10.3.8 пән ішіндегі және пәнаралық байланыстар;
10.3.9 ақпараттың әртүрлі көздеріне (негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінен), оның ішінде Университет кітапханасындағы мерзімді басылымдарға жүгіну;
10.3.10 сабақ барысында техникалық оқыту құралдарын және ақпараттық технологияларды қолдану;
10.3.11 көрнекі құралдарды, дидактикалық материалды пайдалану;
